

«6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Иманмолдаева Бақыттыжамал Заманханқызының «Ұрпақтар сабақтастығы феномені - ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды факторы: әлеуметтік-философиялық талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Еліміздегі ғылымның даму бағыттарының басымдылықтарының ішінен - 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулерге және арнайы мамандандырылған бағыттардың ішінен - 7.2. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы, пәнаралық зерттеулер: 7.2.6. Қоғамды жаңғырту жағдайындағы тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, дәстүрлер мен құндылықтардың ортақтығы бабына сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	6D020100 – Философия мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландыратын ресми докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеуші бірегейлік мәселесін қазіргі әлемдік философияның басты категорияларының қатарында тани біліп, көптеген өзекті мәселелерді шешудің логикалық-методологиялық негіздеріне сүйенген және классикалық, постклассикалық емес философияда бірегейлік ұғымы философиялық дискурстың әртүрлі философиялық-логикалық жүйелерде өз орны бар концептерге жүгінген. Бұл жұмыстың ғылымға елеулі үлес қосатындығын дәлелдейді және маңыздылығын ашады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа;	Жұмыстың мәтініне талдау жасау нәтижесінде автордың өзі жазу деңгейі жоғары деп бағаланды. Себебі, автор ойларын мазмұнды тұжырымдап, әдебиеттерді мол қамтыған, берілген сілтемелерін барынша керекті жерінде

		3) төмен; 4) өзі жазбаған	орынды келтіреді. Сонымен қатар, зерттеудің баяндаудағы жазу стилі ғылыми-логикалық, дәлелді, дәйекті сипатта екені байқалды. Автордың ғылыми зерттеу машығы қалыптасқан, ғылыми мәселені жоғары деңгейде талдап, зерттеу әдіснамасын оңтайлы қолданып және дербес пікір тұжырымдай біледі. Ойлары оқырманға түсінікті және қисынды деген пікірдеміз. Ізденуші сабақтастық ұғымын философиялық категориялар қатарында бағамдап, жалпы даму үдерісінің заңдылықтарының бірін бейнелейтін принцип ретінде «Сабақтастық принципі») ұлттық бірегейлік жөніндегі философиялық-әдіснамалық ұстанымдарының жалпы бағыт-бағдарын ашып жаза білген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі жартылай негізделген. Өзектілігі қайта қарауды талап етеді, себебі Рухани жаңғыру бағдарламасы ресми түрде күн тәртібінен алынып тасталынды. Бүгінгі экономикалық және рухани дағдарыстардың себебі қандай философиялық мәселелермен байланысты екені ашып көрсетілмеген. Автор “Қазақстанның өркендей түсуінің парадигмаларын зерделеу мен саралау тек ресми түрде орындалатын мемлекеттің міндеттемесі ғана емес, ғылыми дискурс аясында шешімі табылуы тиіс іргелі мәселе” деп атағанмен, бұл қандай жаңа парадигмалар, бұл дискурста нелер және қандай критерийлер бойынша жетіспеушіліктер бар деген сындарлы көзқараспен дәлелдер іздеуі керек сияқты. Дегенмен автор, заманауи жаһандану, ақпараттандыру, виртуализация үрдістерімен байланысты адам тұлғасының қалыптасуындағы жаңа талаптар тәрбие үрдістерінің мазмұнына байланысты деген. Мұндай зерттеудің қазақ мәдениеті үшін айрықша өзектілігі еліміз дүниетанымдық және әдіснамалық вакуумды тудырған бірнеше құндылық төңкерістерін бастан өткеруімен байланысты. Қазақстанда білім беруді жаңғырту және реформалау үрдісі тек жеке тұлғаны ғана емес, бүкіл мәдениет универсумын қайта жарақтандыру ұлттық идеяға сүйенгенде ғана табысты болатындығын алдыға тартады. Мұнда тәрбие құбылысының күрделілігі адамның әлеуметтік және мәдени өмірінің күрделілігін көрсетеді. Сондықтан автор көтерген проблемалар ауқымы әр тарихи кезеңдерде де өзекті болып қала береді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны мен құрылымы негізінен диссертация тақырыбын жан-жақты айқындайды. «Ұрпақтар сабақтастығы феномені - ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды факторы: әлеуметтік-философиялық талдау» тақырыбы ішкі конфликт пен қақтығысқа ие емес, ол бір жағынан тиімді. Сондықтан оны жауабы зерттеудің құрылымы жағынан мақсат пен логикаға негізделген. Бірінші тарауда зерттеудің

			әдіснамалық негіздері айқындалып, «тәрбие идеалы» деген мәселеге көп мән беріледі (кейде осы зерттеу педагогикаға кетіп қалған жоқ па деген ой келеді). Жалпы, зерттеудің теориялық-методологиялық қырлары дәйектелген. Екінші тарауда қазақ мәдениетіндегі ізгіліктік-этикалық тәрбие мәселесінің әлеуметтік-мәдени алғышарттары мен қағидаттары, қазақи дүниетанымда қалыптасқан тәрбие идеалы, тәрбиенің мәні, мақсаты кешенді түрде әлеуметтік философиялық тұрғыдан талданады. Ізгіліктік-этикалық тәрбие идеалы мен діни тәрбиенің байланысы зерделенді. Үшінші тарауда қазіргі қазақстандық қоғамда ізгіліктік-этикалық тәрбие берудің заманауи принциптері туралы мәселелер талданады. Тұлғаның рухани-ізгіліктік тұрғыдан қалыптасуындағы қазіргі білім беру саласының міндеттері, салауатты ұрпақ тәрбиелеуде философияның негізгі атқаратын рөлі мен қазіргі заман құндылықтары нақтыланды делінген. Жалпы жұмыста дидактикалық мәселелерге көп көңіл бөлінеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның тақырыбына жұмыстың құрылымындағы мақсат пен міндеттер, олардың диссертация мәтінде баяндалуына толық сәйкес және жеткілікті дейгейде ашылған. Ізгіліктік-этикалық, рухани тәрбие мен білім беруді өзара тығыз байланыстағы үрдіс ретінде тұжырымдап, әр кезеңде трансценденттілік, гуманизм, руханилық, өзіндік бірегейлік, адамгершілік және тағы басқа идеяларына негізделген тұтас адам болмысын құру міндеттерін қоятын тәрбие идеалдары ұсынылған. Тәрбиенің мәдени қызметі адамды әлеуметтендіру, жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, рухани құндылықтар мен әлеуметтік нормаларды беру мақсаттарымен анықталатынын негіздеген. Осы талаптар орындалуы біздің жұмысты оңды бағалауымызға негіз болды. Дегенмен, автордың тақырып бойынша болашақта терең және жан-жақты зерттеулерінің ауқымын кеңейте түсу керектігін айта кетеміз.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның құрылымындағы барлық бөлімдер бір-бірімен логикалық тұрғыда байланысқан. Барлық бөлімдер өзара сабақтастықпен байланысып, жалпы жұмыстың құрылымындағы жүйелілік пен мазмұндылықты қамтамасыз еткен. Тақырыптың толықтай ғылыми талаптарға сай ашылуына мүмкіндік берген. Зерттеудің ізгіліктік-этикалық тәрбие - адамның қоғамдағы өмірінің негізгі шарты екендігін ашуға бағыталуы, қоғамдағы болып жатқан құбылыстар мен үдерістерге адамның жауапкершілігін анықтауы осының куәсі. Адамның қоршаған ортаға ізгі ықпалын мәдени принциптерге сай жүргізетін әмбебап өлшем болатыны ашылған, мәтінде келтірілген сараптамалық жұмыстар нақтылы тақырыпты сипаттайтын маңызды мақсатқа жұмылған. Сондықтан еңбектің ішкі біртұтастығы мен

			сабақтастығы сақталғанын ескере отырып, оның жалпы құрылымдық сипатына оң баға береміз.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары «жаңа» деп бағаланады. Заманауи тәрбиенің тұрақты дамуға, құндылықтарды қалыптастыру міндетін жүзеге асыру бағытында тұжырымдарын автор бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырып бағалаған: 3 қағидада Ұлттық бірегейлік концептіне терең бойлау үшін ұлт, этнос, ұлтшылдық, этностық ұлт, азаматтық ұлт тәріздес ұғымдарға зер салынып, сыни талдау жасауда автор «ұлт-мемлекет» сияқты жасанды ұғымдар қажетсіз деп баға берген. Ұлттық қоғамдастық өкілдеріне терең бауырмалдылық қарым-қатынас тән екені көрсетіліп, әлеуметтік практика жүзінде таза «азаматтық ұлт» идеясының көкжиегі шектеулі екендігі АҚШ феномены арқылы көрсетілген. Ол Франция, Германия, Англия мемлекеттерінде «этностық ұлт» ұғымымен қайшылықты екендігі талданған. 4-ші қорытындыда Ұлттық бірегейліктің «бірегейлік саясат» ұғымымен (Ф.Фукуяма) ішкі бірлігіне мән беріп, қоғам дамуында оның атқаратын функциялары мен құрылу тәсілдерінің арабайланысы көрсетіліп, оңтайлы бірегейлікті дұрыс таңдау саясатында жіберілген жүйелі қателіктер сыни талдауға алынған. 5-ші қорытындыда Сабақтастықтың генеалогиялық, нақтылық құрылымдарын зерделеп, оның түркі-қазақ халқына қатысты тарихи мәліметтер бойынша берілген еуроцентристік бағыттағы ұсынылып келген идеяларына сыни тұрғыдан талданған. 5-ші қорытындыда Қазіргі заманғы мультикультурализм мен постмодернизм үрдістері жас буын мен аға ұрпақ арасындағы қайшылықтарды тудырып отырғандығын және жастардың заманға бейімделген жағымды және жағымсыз мінез-құлқы мен өмір салтын автор зерделей келе, қағтар қиғасына баға берген және ұлттық бірегейлікті арттыру мақсатында мәдени-әлеуметтік ассимиляциялау шарасы қажет деп табады. Автордың тұжырымдарымен келісе отырып, зерттеуде автор тарапынан «сыни талдау бар» деген баға берілді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</u> 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттардың жаңалық деңгейі жаңа және жартылай жаңа деп бағаланады. 1-жаңалық; жартылай жаңа, себебі сабақтастық ұғымының тұжырымдамасына көптеген еңбектер арналған, дегенмен, оның семантикалық астарлары біршама ашып көрсетілген; 2-жаңалық; салыстырмалы жаңа, өйткені ұрпақтар сабақтастығы ұғымының бірнеше анықтамалары жинақталып, оның мәдени-өркениеттік,

			әлеуметтік-психологиялық сипаттары ашылған; 3-жаңалық; жаңа, себебі ұлттық бірегейлік ұғымының мәнін ашып, бірегейлік концептісінің философиялық мағынасын зерделеп бұл ұғымға автор өзіндік түсіндірмелерін ұсынған және сәйкестік, барабарлық, инварианттылық, эквиваленттілік сияқты синонимдес терминдерді жинақтай білген; 4- жаңалық; салыстырмалы жаңа, ол ұлттық бірегейліктің ұрпақтар сабақтастығы арқылы қалыптасуының түрлі қырлары мен жолдары негізделгені. Ұрпақ сабақтастығын сақтау, ұрпақ тәрбиелеу, тектілік ұғымдарына қатысты заңдылықтар әлеуметтік философия тұрғысынан дәйектелген; 5- жаңалық; жаңа, өйткені әлемдік рухани кеңістік аясындағы идеологиялардың жағымды жақтарын саралай келе, жағымсыз қырларынан сақтанудың өзіндік идеологемасы мен психологиялық тетіктері анықталып, ұсынылған. Ұлттық қауіпсіздіктің саяси-әлеуметтік тұғырлары мен нақты ұсыныстары келтірілген. Жаһандану заманындағы ақпараттық қауіпсіздік «Америка гегемониясы», орыстардың отарлаушылық саясатының сарқыншақтары, «арабтандыру» мен исламдандырудың ара жігі, вестернизация, глобализация жағдайларына байланысты ұлттық бірегейлікті сақтай білудің нақты тетіктерімен дәлелденген. 6- жаңалық; салыстырмалы жаңа - мультикультурализм жағдайындағы ұлттық бірегейлікті сақтаудың технологиясы ғылыми-теориялық тұрғыдан тілдің, ділдің, діннің, дәстүр сабақтасуының негізгі бағдарлары әлеуметтік философия тұрғысынан қарастырылған. 7- жаңалық; жаңа емес, қазіргі кездегі ұрпақтар сабақтастығының маңызы «Ел бірлігі» идеясындағы, «Әділетті Қазақстан» стратегиясындағы ұлттық бірегейлікті ұрпақтар сабақтастығы арқылы жетілдіре түсудің бірегейлік саясатының басты бағыты ретінде ұсынылған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары «толығымен жаңа» деген ойдамыз. Мәселен, Қоғамды тәрбиелеу мен ізгілендіру идеалы - әрбір қоғам өз азаматтарының бақытты және үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін ұмтылуы тиіс мақсат. Тәрбие идеалы әр адамның бойында қоғамда толыққанды өмір сүру және қоршаған әлеммен өзара әрекеттесу үшін қажетті құндылықтарды, адамгершілікті, дағдылар мен білімді қалыптастыруынан туындауына зерттеуші тарапынан зерделенуі жұмыстың маңызды жетістігі деп бағалаймыз. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламалар мен бастамалар азаматтар арасында өз еліне отансүйгіштік сезімді қалыптастыруға бағытталуына назар аударған. Бұған патриоттық

			насихат, ұлттық рәміздер мен дәстүрлерді қоғамдық іс-шараларға қосу, ұлттық жобалар мен бастамаларды қолдаудың маңызына ден қоюы мен жолдарын көрсетіп, қорытындылауы маңызды. Мемлекетімізді заманауи өркениеттік талаптарға сай дамуында зерттеу жұмысында зерделенген мәселелердің маңыздылығын ескеріп, автордың осы бағытта таңдалған тақырыпты тереңдетіп, болашақта зерттеулерін әрі қарай жалғастырғаны орынды болар деген ойдамыз.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері тұрғысынан гуманитарлық сала өнімдерін нақты бағалау қиындау, дегенмен диссертация мәтінінде келтірілген барлық тұжырымдардың практикалық маңызы бар екенін айта аламыз және олар толық мәтінде өзінше негізделген. Қазіргі ақпараттық технологиялар басымдылық танытып отырған жаһандану әлемінде тәрбие міндеттері күрделене түсті. Жаһанданудың ықпалымен және ақпараттық технологиялардың дамуымен мәдениеттер мен ұлттар арасындағы шекаралар бұлыңғыр бола бастады. Ұлттық құндылықтар, білім беру жүйесі, медиа және мемлекеттік саясат, сапалы білім беру арқылы жаңа ұрпақ толеранттылық, әділеттілік, әлеуметтік жауапкершілік сияқты гуманистік құндылықтарды сіңіруге болады деген қорытындылар бар. Әлем саналы түрде түсіністікпен ықпалдасуда, бірлесуде жарқын болашақты жасауға ұмтылады. Міне, жұмыста осындай өмірде бар құбылыстарды рефлексиялайтын ықпалдастық, интегралды теория жетіспейді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Қорытындыларда ұрпақтар сабақтастығы мен бірегейлік мәселелерін шешудің бүкіләлемдік деңгейдегі жаңа ғылыми-теориялық дәлелдемелері жетіспейді. Атап айтқанда – бұл интегралды сабақтастық теориялары, интегралды болашақ, болашақтың діні және т.б. Ол: - Ғылыми стратегиялық зерттеулер негізінде әлем халықтары мен ұлттарының ұлттық бірегейлікті ұрпақтар сабақтастығы арқылы зерттеу модельдері, өмірлік және саяси-әлеуметтік даму бағдарда қолданудың тетіктері туралы қорытынды; - Өскелең ұрпақтың ой-санасы мен заманға байланысты көзқарастарының даму бағыттары: психологиялық, педагогикалық, әлеуметтанулық, цифрлық технологиялық сана деңгейінде қарастырылған қорытынды; - Қазіргі таңдағы ғылыми интеграцияға сүйеніп, жаратылыстану және техникалық ғылымдардың қоғамдық ғылымдармен бірлесуіне арналған қорытынды; Диссертация мәтінінің мазмұны тақырыпқа барынша сәйкестендірілген екен және ғылыми қорытындылар мен нәтижелер ауқымды дәлелдемелерге

			сүйенілген және дәйектелген. Еркіндік құбылыс әлеуметтік өмірдің ерекшеліктері барынша сұрыптаудан өткізіліп, оның еліміздің этноәлеуметтік құрылымындағы орны мен рөлі философиялық мәселе ретінде айқындалған. Автор болашақта әлеуметтік саланың күрделі мәселелерін өзінің шығармашылық практикасында сыни зерттеу нысанына айналдырады деген ойдамыз.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	7.1 Диссертациялық жұмыстағы негізгі қағидаттар дәлелденген және ғылыми тұрғыда дәйектелген. Автор философия мамандығымен қатар жалпы гуманитарлық ғылымдардың әдіснамасы мен әдістемесіндегі тәсілдерді және жаңа ғылыми жетістіктерді пәнаралық байланыс деңгейінде жұмыста қолдана білген. Әрбір қағидат «дәлелденді» деген қорытынды жасалды. 7.2 Жұмыс қағидаттары тривиалды, яғни үстірт түрде емес. Сондықтан, бұл жерде «жоқ» деген баға беріледі. Автор әрбір нәтижені тиянақтап, теориялық тұрғыдан зерделеуден өткізіп ұсынғаны байқалды. Сонымен қатар, автор теориялық зерделеумен бірге әлеуметтік практикаға шығудың жолын іздейді, көбінесе әлеуметтік процестермен зерттеу мәселесін байналыстырады. 7.3 Негізгі қағидаттардың барлығына «жаңа» деген баға берілді. Жалпы жұмыстың жаңашыл қағидаттарының жалпы жүйелеп ұсынылған саны алтау екені байқалды. Бірінші қағидат қазіргі уақытта ғалымдар жүзеге асыратын тәрбие теориясының негіздемесін тұжырымдамалық іздеуде «тәрбие идеалы» сияқты философиялық категорияны қолдануды негіздеген және бұл әлеуметтік ғылымдағы ерекше көзқарас екенін атап өтеміз; екінші қағидат – трансценденттілік, гуманизм, руханилық, өзіндік бірегейлік, адамгершілік және тағы басқа идеяларға негізделген тұтас адам болмысын құру міндеттерін қоятын тәрбие идеалдарының ұсынылуы мен ізгіліктік-этикалық тәрбие идеалының философиялық-антропологиялық көзқарасы сипатталуы; үшінші қағидат – бұл ұлттық мәдениеттің қайталанбас рухани тәжірибесін зерделей отырып, рухани сабақтастықтағы тәрбие үрдісінің жалпыадамзаттық құндылықтармен ұштас жасампаздық қуатын зерделеген; төртінші қағидат – қазақ халқының ұлттық сана-сезімі қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен ислам дініне негізделгеніне тоқтаған. Қазақ ойшылдарының діни көзқарастарын талдау арқылы, адамның діни-рухани дамуы ағартушылықпен тығыз байланысты екенін көрсетіп, танымдық тұрғыда зерделенді; бесінші қағидат – ізгіліктік-этикалық, рухани тәрбие мен білім берудің тығыз байланысын аша отырып, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қабылдауға дайын интегралды тұлғаны қалыптастыру

			қисынында сараптаудан өткізілді; алтыншы қағидат – көпконфессиялы қоғамда әр ұлттың ұрпақ тәрбиелеу идеалы руханилықпен, планетарлық сананы дамытумен, мәдени құндылықтарды, этникалық, жалпыұлттық және әлемдік мәдениетті игерумен байланыстылығы көрсетілді. Қазақстан Халықтары Ассамблеясы мен мультикультурализмнің саяси-әлеуметтік тұғырнамаларына тоқталып, қаңтар айындағы трагедиялық оқиғаларға сыни талдау жасап, ұлттық бірегейлікті арттыру мақсатында мәдени-әлеуметтік <u>ассимиляциялау</u> шарасының қажет екенін ұсынады. Жоғарыдағы негіздерге байланысты осы бапқа «Иә» деген баға берілді. 7.4 Қағидаттардың қазіргі ғылым мен білімнің дамуында, әлеуметтік ортада қолдану бойынша «кең» деген баға берілді. Диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелерін гуманитарлық пәндердің, яғни философия, тарих, құқық, әдебиет, тіл және мәдениет саласында, мемлекеттік органдардың қызметі ауқымында толық пайдалануға болады. Сондықтан рецензент тарапынан бұл бап «кең» деп бағаланды. Әрине, тақырыпқа қатысты жоғары мектеп саласында арнайы әдістемелік материалдарды жинақтап беру автор үшін болашақтың ісі деген ойдамыз. 7.5 Диссертацияның негізгі қағидаттары отандық және кейбір шетелдік жарияланымдар деңгейінде жеткілікті дәлелденген, талапқа сай сынақтан өткен деген пікірдемін. Мақалалар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген екен. «Скопус» тізіміндегі журналдарда автордың мақаласы жарияланған. Бұл мағынада жарияланымдарға қатысты талаптарға сай жұмыстар талаптарға жауап береді. Сондықтан бұл пунктке «Иә» деген баға берілді.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Жұмысты орындау барысындағы әдістеме тұрғысынан автордың ғылыми кеңесшілер тарапынан жақсы кеңестер алғаны байқалып отыр. Философия тарихы мен әлеуметтік философияда қолданылатын көптеген ғылыми тәсілдер тақырыпты зерделеу барысында кеңінен қолданылғаны бақалды. Әсіресе, тарихи нақтылық принципі, салыстырмалы талдау, жүйелі талдау және т.б. әдістерді қолданулары байқалды. Сондықтан әдіснамасына қатысты талапқа «Иә» деген баға береміз.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Автор заманауи ғылыми әдістер мен деректерді тарихи-философиялық зерттеулер барысында жақсы қолданғаны байқалды. Автор компьютерлерлік тәсілдерді жақсы игеру арқылы зерттеу нәтижелеріне қажетті мәліметтерді ұтымды түсіндірмелеу мен қорытындылауды жетістіктерге жеткен. Ғылыми нәтижелерді негізінен жақсы дәйектейді. Кейбір авторлардың нақты дәйексөздерін сыни талдаулардан өткізеді. Сондықтан бұл сала бойынша бағалау «иә» деген жауапқа толық сәйкес келеді деген ойдамын.

		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Диссертация жұмысында келтірілген ғылыми тұжырымдамалар, зерттеу кезеңдері жалпы классикалық философияның тарихымен, қазақ халқының рухани тарихының жалпы эволюциясымен астасып жататыны байқалды. Автор өзінің теориялық ойларын барынша практикаға жақындатуға тырысады. Бұл әрекеттерге «иә» деген баға берілді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерге сілтемелер жасау тұрғысынан жарияланған ғылыми әдебиеттер біршама екені анық. Автор тақырыпқа қатысты шетелдік және отандық авторлардың көптеген еңбектерін қамти алғаны байқалды. Кейбір сілтемелерге нақты алғанда автор тарапынан сыни түсіндірмелер де берілген. Диссертацияда келтірілген маңызды сілтемелер автордың еңбегіндегі ғылыми нәтижелерді дәйектеуге көмектесетінін байқауға болады. Әсіресе, отанымызда жарияланған көптеген еңбектер жұмыста орын алғаны байқалды. Дегенмен, этникалық болмыстың өзара қатынастарында кездесетін кейбір қайшылықтарды нақтылай түсу үшін еліміздегі этностар мәдениеті туралы сілтемелерді автор өзінің болашақ ғылыми еңбектерінде кеңейте түседі деген үміттемін. Себебі, ұлтаралық қатынастарға қатысты еркіндік мәселесі барынша өткірлене түседі.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Зерттеу барысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі тақырыпқа қатысты ғылыми әдеби шолуға негізінен жеткілікті. Автор еркіндік, этнос мәдениеті, ұлт болмысы сияқты күрделі ұғымдарға қатысты ғылыми әдебиеттерді жинақтай алған. Әрине, қазақ халқына қатысты тәуелсіздік жылдары жарық көрген кейбір еңбектер басымдық етеді. Демек, әдеби шолудың ауқымында заманауи кезеңге үлкен мән берілген. Автор диссертацияда алға қойған мақсат, міндеттеріне толықтай жауап беретін тарихи-философиялық еңбектерді де қамти алған деген пікірдемін.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы жоғары. Әлеуметтанулық категориялық-тұжырымдамалық және функционалды талдауды қорытындылай келе, тәрбие беру үрдісінде дәстүр мен инновацияның диалектикасы туралы және әлеуметтік-мәдени жүйеге одан әрі өзара кірігуінің маңызына назар аударған; инновация дәстүрдің дамуы, бұл дәстүр мен оның өмір сүруінің өзгеретін әлеуметтік-мәдени ортасы арасындағы қайшылықты жоюға мүмкіндік береді деген тұжырымдар жасалады. Ғылыми теорияларға, тұжырымдамаларға өзіндік ұстанымы бар, тың көзқараспен қарап, теориялық маңыздылығын сақтайды. Сондықтан теориялық маңызға қатысты бапқа сәйкес «Иә» деген баға берілді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар	Диссертация мәтінінде келтірілген тәрбие мен білім берудің салыстырмалы


		және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	талдаулары олардың өзара байланысы мен өзара ықпалдасуын негіздейтін практикалық маңызы зор және еліміздің әлеуметтік салаларының үйлесімдендіруде, саяси мәдениетті қалыптастыруда, демократияландыруда, мемлекеттік басқару ісінде қолдануға болады. Себебі, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бері кеткен кемшіліктерді жөндеп, жаңғырған елді қалыптастыру жолына түскені белгілі. Сондықтан осы мағынада бұл бапқа «Иә» деген жауап берілді.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация мәтінінде тұжырымдалған практикалық ұсыныстарды «толығымен жаңа» деуге болады. Автор теориялық тұрғыда негізделген ойларды дәлелдей келіп, жалпы қоғамдық институттар және білім беру мекемелерінің қоғамды ізгілендіру жұмысы мен жастарды тәрбиелеу бойынша практикалық іс-қимылдарының үйлесімділігі мен қолданбалы болуының жаңаша қырларын көрсеткен. Автордың практикалық ұсыныстары еліміздегі қоғамдық әлеуметтік және саяси қатынастарды үйлесімдендіруге, жаңа әділетті қоғам қағидаттарын нығайта түсуге өзінің игі ықпалын тигізеді деген пікірдемін.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация мәтініндегі академиялық жазу сапасы «жоғары деңгейде» деп баға берілді. Себебі, автор негізінен ғылыми ортада кең таралған, теориялық және әдіснамалық тұрғыда негізделген тарихи-философиялық, әлеуметтік философиялық талдаулар тәсілдерін, принциптерін оңтайлы қолданады. Жұмыста философиялық пайымдаулар танымдық, дидактикалық сараптаулармен қисынды ұштастырылғаны байқалды. Сондықтан диссертациялық еңбектің теориялық деңгейіне сәйкес академиялық жазу сапасы жоғары, ғылыми-теориялық сипаты басым екендігі анық.


1) «6D020100 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Иманмолдаева Бақыттыжамал Заманханқызының «Ұрпақтар сабақтастығы феномені - ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды факторы: әлеуметтік-философиялық талдау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясының ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры,

философия ғылымдарының докторы, профессор




(колы)

Халықов Қабыл Заманбекұлы

(аты-жөні)